

«ШАР - ӨСКЕМЕН» ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Семейден Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д. Ахметов бастаған ресми топ "Өскемен - Шар" темір жолы құрылысының салтанатына қатысу үшін Шар қаласына келді. Салтанатта сөз сөйлеген Даниал Кенжетайұлы жиналған қауымды еліміздің экономикасы үшін аса маңызды жол құрылысының басталуымен құттықтап, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын оқып берді. Бұдан кейін облыс әкімі В. В. Храпунов, құрметті теміржолшы В. Н. Галинский жиналғандарды құттықтады.

"Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамының жетекшісі Зейнолла

Кәкімжанов Үкімет басшысын "Өскемен - Шар" темір жол құрылысының схемасымен таныстырды. Ұзындығы 12 метрлік, ені 2,6 метрлік темір жол рельстерін паровоз краны арқылы түсіріп болған соң Д. Ахметов пен В. Храпунов шпалға күміс шегерлерді қағып, кілтпен бекітетін жерін түйістірді. Құрметті теміржолшылар Бәзкен Гүлманов пен Жомарт Шектібаев қариялар да алғашқы қазықты қағу құрметіне ие болды.

"Өскемен - Шар" темір жол желісі құрылысының мерзімін жеделдету мақсатында құрылыс-монтаждау жұмыстарын екі жақтан бірдей бір мезгілде жасаудың схемасы әзірленді. Бұл шын мәнінде "ғасыр құрылысы" атал-

мақ. Оған мына бір мысалдар дәлел бола алады. Құрылыс алаңдарына 6 миллион текше метрге жуық көлемде жер жұмыстарын орындайтын кемінде 70 жер қазу кешендерін (мөлшермен 600 техника) орнату көзделінді. Жергілікті жердің қойнауы, тау-тасты, рельефі күрделі болғандықтан кемінде 1 миллион текше метр көлемінде бұрғылау және жарылыс жасау жұмыстары атқарылмақ. Екі жақтан қатар жүретіндіктен 15 көпір бір мезгілде салынбақ. Оның біреуі Шар өзені арқылы өтетін үлкен көпір, қалған 14-і орталау көпірлер. Сонымен бірге 4 темір жол өткелдерін салып 95-тен аса су өткізуге арналған құбырлар төселмек. Ол ол ма Кенді Алтай жұртшылығының

әлеуметтік жағдайын көтеруге байланысты шаралар да жүзеге асады, бір жарым, екі мыңға тарта адам темір жол құрылысында еңбек етпек. Темір жол желісінің бойында екі аралық станса және төрт разъезд салынып, жаңа екі пәтерлік тұрғын үй, қызметтік үй-жай, жолаушылар вокзалы, басқа да көптеген нысандар бой көтермек. Тоғысу стансалары (Шар және Жаңа Өскемен) одан әрі өркендей бермек. Су құбыры, газ, басқа да маңызды мәселелер басты назарда болмақ.

"Өскемен - Шар" темір жолының артықшылықтары көп. Бұрындары өскемендіктер Ресейдің Локоть стансасын басып өтіп, қаншама әуре-сарсаңға

түсетін. Ол үшін жеке адамдардаң жүктерді тасуға миллиондаған теңге артық шығатын. Жолаушылар мен жүктерді жеткізу 12-14 сағатқа қысқарады. Бұл жайлы жақында ғана Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқымен телеэфир арқылы кездесуінде қадап-қадап атап көрсеткен. Ең бастысы, Өскемен халқының және облыстың тұрғындарына ерекше қамқорлық көрінісін таппақ. Қазір Өскеменде 360 мың тұрғын бар, 2010 жылдары бұл көрсеткіш 500 мыңға жетеді деп болжануда.

Сонымен, Ата Заңымыздың 10 жылдығы қарсаңында Шығыс Қазақстанда үлкен бір тарихи маңызды құрылыс басталды. Іске сәт.